



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

у казахов// Астана 2010.

2. Суворова А. Мусульманские святые Южной Азии XI-XV веков.// Москва 1999.
3. Абусейтова М. Х. К проблеме изучения истории ислама в Казахстане// ИСЛАМ: история и современность материалы международной конференции// Алматы 2001.
4. Байпаков К. М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути.// Алматы 1999.
5. Акишев К. А., Ерзакович Л. Б. Соборная мечеть // Отрар в XIII-XV вв. Алма-ата 1987.
6. Каскабасов С. Колыбель искусства.// Алма-ата 1992.

УДК 392

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕРІ

Кабышева А.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент З.Ө. Ибадуллаева

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса жоғары мән берген. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші отбасында ата-әже, әке-анасынан жақсы тәрбие алған бала өзін ержетіп, үлкен ортаға шыға бастағанда, қоғамда жақсы жағынан көрсете алады.

Қазақ қоғамындағы қалыптасқан жосын-жоралғылар мен дәстүрлі тіршілік қамы жүйесі басқа да мұсылман халықтары сияқты сол ортадағы әлеуметтік және діни негізде анықталып, бала тәрбиесіне байланысты жүйелілік (адамзаттың тіршілікті даму жүйесіндегі барлық жоралар да) екі негізде орын алды. Оның бірі - бала тәрбиесіндегі мұсылмандық негізгі атрибуттар және мұсылман дініне дейінгі діни наным-сенім белгілері жүйесінде баланы ауру-сырқаудан немесе жын-сайтандар әлемінен қорғау.

Баланың дүниеге келуі мен оны тәрбиелеу жүйесі нәрестенің ана құрсағында пайда болғаннан бастап жосын-жоралғыларды қамтиды. Ол бойынша қазақ халқына тән «құрсақ тойы» немесе «құрсақ шашу», аяғы ауыр әйелдер үшін әртүрлі ырым-жоралар мен тыйым салулар, «жарыс қазан», «бел тарту» т.б. діни сенімдердің орын алатындығы көптеген зерттеушілер еңбектерінің назарында болған

Ал жүкті әйелдерге мейлінше ілтипатпен қарап, мүмкіндігінше көмек көрсетіп, қорықпауына, шошымауына ерекше көңіл бөлген. Тіл, көз тимеу үшін қожа, молдаларға дұға жаздырып, бойтұмар тағып жүретін. «Бойтұмар» немесе «тұмар» - қағазға жазылған құран аяты. Оны үш бұрыштап немесе сопақша төрт бұрыш ретінде шүберекке немесе былғарыға орап мойынға тағып жүреді. Ол жын-шайтаннан, жамандық атаулының бәрінен сақтайды деп сенген.

Жүкті әйелді босандыруға ауыл әйелінен екі әйел басшылық жасаған. Егерде жаны қысылып, қиналып жатса үлкен киелі, әруақты қарияларды немесе молданы алдырған, ол әйелді айналып 2-3 рет қамшымен тартып жіберсе және әруақты кісілер шапанының етегімен желпігенде, Алланың қасиеті негізінде әйелдің босануы жеңілденеді деп түсінген. Бала шырылдап дүниеге келгенде, кіндігін қасындағы әйел кішкене кездікпен кесетін. Әдетте, әйел аяғы ауыр бола бастағаннан-ақ кездікті аман-есен босансам, осы кездікпен баламның кіндігін кестіремін деп дайындап жүретін болған. Ал көп уақыт құрсақ көтермей немесе баласы тоқтамай шегіней берсе, онда өзінше ырымдап кішкентай балтаны сақтап қойған. Үлкен қария немесе діндар молда сол балтамен кесетін.

Қазақ отбасында нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қазақ халқы ат қоюға ерекше мән берген. Ат қою дәстүрінде халықтың ұлттық ерекшелігі, наным-түсінігі, салт-санасы, арман мүддесі айқын көрінеді. Ата-аналар бала есімінің мағыналы, әрі көркем болғанын қалаған [2, 214 – б.].

Қазақ қоғамында мұсылмандық негізде бала тәрбиесіндегі негізгі атрибуттың бірі – балаға ат қою. Әдетте, балаға ат қою үшін елге белгілі сыйлы қариялардың, батырлардың, беделді кісілердің т.б. есімдері таңдалып алынса, қожа-молдалар, діндарлар жанұяларында мұсылман дінінің әсерінен мұсылмандық діни негізде дүниеге келген нәрестеге діни имандылық кітаптар мен құраннан алынған Садық, Сыдық (шыншыл, адал), Кәбира (үлкен, ұлы), Хасан, Хасен (жақсы, әдемі), Шәмсия (күн), Әбілғазы, Ғазиз, Айша, Бибіайша т.б. және қазақтар арасында ғана емес, басқа түркі тектес халықтар арасында да пайғамбар мен оның жақын серіктерінің аттары араб – мұсылмандық негізде орын алған абд, ғали, али элементтерімен қосылған есімдер де қойылды [3,76]. Сондай-ақ дүниеге нәресте келер алдында, әдетте 3 күндей бұрын дүниеге келер нәрестенің ең жақын туыстарының біріне дүниеден өткен кісі «аян» берген жәйттер де кездеседі. Нәтижесінде Бақдәулет (жанұяна «бақ», «дәулет» келді деген ниетте), немесе түсінде күн, ай, жұлдыз т.б. көруінің негізінде Күнсұлу, Айбар, Жұлдызбек т.б. аттар қойылған. Алайда, мұндай ат қою рәсімі тек діндарлар мен қожалар үшін ғана емес барлық мұсылман қауымына тән болып, қазақы отбасылық дәстүрлі мәдениетте де көрініс алды.

Нәресте дүниеге келгеннен кейін 1-2 ай немесе «қыркынан» шығарылып, «қарын шашы» алынған «нәресте», «сәби», «шақалақ» атанған әлеуметтенудің ең алғашқы кезеңіндегі (бұл кезеңде ит көйлек кигізіліп, бесікке салу жоралары орындалған) тұлға ретінде оған азан шақырылып ат қойылған. Бұл рәсім бойынша нәрестенің оң құлағына «Аллаһу ақбар» деп 3 рет, сол құлағына «сенің атың пәленше» деп 3 рет айтылып, құран оқыған. Ат қоюдың мұндай мәнінде «бұл дүниеге» келген адамның «о дүниемен» байланыстылығының салттық негізі қызмет атқарады. Себебі, оның (нәрестенің) атымен аттас келетін көптеген кісі аттары да кездеседі, сондықтан да халық түсінігінде, «о дүниеге» барғанда атын атап шақырғанда «шатасып» қалады деп есептеген.

Баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне байланысты қазақтарда көптеген ғасырлық халықтық тәжірибе мен түрлі көне наным-сенімдерге негізделген салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қалыптасты [1, 178 – б.]. Қазақтар баланың өміріне қатысты маңызды уақыттардың бәрін атаусыз қалдырмауға тырысқан. Сәби дүниеге келгеннен кейін *шілдехана* тойы атқарылады. Күндіз таныстары мен жақындары «Бауы берік болсын!» айтып құттықтап, тілек тілеген [1, 179 – б.]. Шілдеханаға келген қонақтар таң атқанша жаңа туған нәрестені, оның анасын ардақтап ән салып, домбыра тартып, ойын-сауық ұйымдастырады. Шілдехана кешінде жиі айтылатын әннің бірі – «Бөбек» жыры [2, 212 – б.]. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, нәрестенің кіндігі түсіп, кіндік жарасы жазылысымен «*бесікке салар*» дәстүрін жасаған. Бесікке салғанда мал сойылып, ауылдың үлкен әйелдері, абысындары, көрші-қолаң шақырылады. Баланы бесікке саларда бесікті *аластау* рәсімі жасалады. Бұл отқа табыну дәуірінен қалған ырым [2, 213 – б.].

Әдетте, баланың денесі ширақ болу үшін, баланың кіндігі түскеннен (5-7 күнде түседі) кейін күнде тұзды сумен шомылдырып, денесін маймен сылаған. Содан соң барып бесікке салу рәсімі жасалады. Бесікке салу рәсімі негізінде «бесік той» жасалған. Бұл рәсім тек қазақтар арасында ғана емес, өзбектер мен қарақалпақтар арасында да көрініс алғанын этнографиялық зерттеулерден аңғарамыз [4]. Бесік нәресте үшін қасиетті орын саналған. Әдетте, бесіктің жөргектері; түбегі және қойдың асық жілігінен жасалған шүмек бесіктің таза сақталуына мүмкіндік туғызады. Құс мамығынан жасалған жастықшалар мен бесіктің тақтай бетіне түбектің үстіне ортасы тесіліп жасалған қауыздауы және жұмсақ матадан екі қабат етіліп, кейде ішіне құс мамығы толтырылып кішкене көлемдегі жастықша тәріздес жөргегі және қолы мен аяғын бесікке таңып қоятын тартпасы болады. Бірақ бесіктен баланы шешіп алған соң қол-аяғын, денесін созып, сылап-майлап отыру баланың денесінің өсуіне, ширауына да септігін тигізеді.

Әдетте, бесікке салу рәсімі барлық қазақ халқына тән этномәдени процесс негізінде өтеді. Әйтсе де, айта кетер бір жәйт, Жаңақорған және Түркістан өңірлерінде баланы бесікке саларда көрші-қолаң мен ағайын-туыс, қыз-келіншектер мен әйелдер нәресте дүниеге келген үйге жиналған. Бұл жиналған қауымға дәстүрлі тағамның түрінің бірі майсөк тартылып,

өзінше бір ерекшелікті сипат алған. Мұндай тағам түрі Орта Азия халықтарының ішінде қарақалпақтарда үйлену тойында беташардан кейін және нәрестенің дүниеге келуін тойлағанда, сондай-ақ марқұмды еске түсіргенде орын алған. Майсөк ұлттық тағам түрінде орын алумен бірге, халықтық-танымдық түсінікте «дән» ұғымымен байланыстырылып, өсіп-өнудің белгісі сипатында көрініс алды. Сондықтан да бала дүниеге келгенде майсөктің берілуі, оның болашақтағы өмірі аман-сау, ұрпағы өсіп-өнсін, көбейсін деген мақсатта болды.

Бесіктегі баланы шошымас үшін, бесікке үкі аяқ, жыланбас іліп, құран аяттары жазылған тұмар және үкі, ит тимесін деп қасқырдың тырнағын (тұяғын) және бала тыныш ұйқыда болуы үшін қамырды ашытпай дөңгелек тоқаш-нан сияқты 7 жерінен шымшып, ортасын тесіп пісіріп бесікке тағып қояды. Себебі, жын-сайтандар баланы тынышсыздандырмай, сол нанды шымшиды деп түсінген. Бұл ескі діни сенімдер мен мұсылман діні негіздерінің бір-бірімен араласып жатқандығының көрінісі.

Баланы өсіріп тәрбиелеудегі шариғат бойынша мұсылмандық негізгі міндеттердің бірі – баланы екі жасқа дейін емізу. Құран сүрелері бойынша, Алла-тағала былай дейді: «Аналар баланың емізу уақытын толық сақтағысы келсе, оның мерзімі толық екі жыл» (Бақара сүресі). Сондай-ақ «адамдарды ата-анасына жақсылық жасауға бұйырдык, ана оны үсті-үстіне әлсірей жүріп құрсақ та көтереді, екі жыл бойы емізеді» (Лұқман сүресі, 14-аят) [5] дейді. Сондықтан да бұл құбылыс бала (нәресте) үшін алғашқы өсу кезеңіндегі дәстүрлі тамақтану жүйесі болумен бірге діни мұсылмандық шариғат негізінде анықталған. Әдетте, бала жастайынан ембей қалса, ол «уызында жарымай қалды» деген. Әдетте, толық мерзімде емген баланы бауырмал, ата-анаға да мейірімді болады деп те түсіндірілді.

Ал дүниеге нәресте әкелген ананың сәби өмірінің алғашқы өсу кезеңдерінде, ананың тамақтану жүйесі де маңызды орын алады. Сондықтан да баланың дене бітімі мен күш жігерінің дұрыс жолда болуына ниеттенген ана біршама уақыттар бойы арнайы тамақтану жүйесін ұстанған. Ол үшін ананың негізгі тағамы балаға сүт болсын деген ниетпен ертерек кезде ұнды майға қыздырып, оған сүт, ол болмаған жағдайда су құйып «бөкпен» (кейде «қыздырма» деп те аталған, енді бір жерлерде «қара быламық» деп аталған), сондай-ақ сүтке тарыдан алынатын өнім сөкті қайнатып, оған май салып беретін болған.

Ерте заманнан келе жатқан әдет қазақ туғанына қырық күн толғанда баланы *қырқынан шығарған*. Қырық күн өткеннен кейін баланың өмірінде жаңа кезең басталады деп есептелген, себебі қазақ халқының ұғымында қырық саны – қасиетті сандардың бірі. Бұл рәсімді атқару үшін әйелдер жиналып баланы басынан бастап 40 қасық су тамызып шомылдырады. Қырқынан шығару рәсінде алғашқы шаш пен тырнақ алу ғұрыптары орындалады [1, 181 – б.]. Баланы қырқынан шығарғаннан кейін, ит көйлекті шешкен соң, оған тәтті, бидай, жүгері қуырып салып, түйіп иттің мойнына байлап жіберетін. Ауыл балалары итті қуып жүріп, мойнындағы *«ит көйлекті»* шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Ит көйлекті ырым деп, баласы жоқ әйелге береді. Онысы – барлық адамды қуантатын баласы көп болсын дегені [2, 214 – б.]. Баланың өсуіне және алғашқы қадам басуына байланысты кең тараған дәстүрлердің бірі – *тұсауын кесу*. Бұл жора бала өз бетімен алғаш қадам жасағанда жасалатын болған. Ол мынадай тәртіппен өтеді: *«ала жіп»* (қызыл, қара, ақ жіптерден өрілген) немесе қойдың майлы ішегі – көтенішекті алып баланың аяғын тұсаулаған. Одан кейін жылдам, ширақ әйелдердің бірі *«Желдей ұшып, ердей бол!»* немесе *«Мендей жүйрік бол!»* деп тұсауын кесіп, жетектеп жүргізетін болған. Тұсау кесуге жіп немесе ішектен басқа кей кездері шөптен өрілген қысқалау арқанды пайдаланып, кесіп жатып *«көк шөптей өсіп, өнсін»* деп тілек тілеген [1, 181– б.].

Тұрақты тойланатын ата дәстүріміздің бірі, әрі мұсылмандық жора – *сүндет той*. Ұл балаларды 5-7 жасқа (міндетті түрде тақ жыл болуы керек) келгенде сүндеттеді.

Этнографиялық әдебиеттерде бұл ғұрып балалардың келесі сатыға (ер жету) өтудегі жыныстық инициациясының исламдандырылған сарқыншақтары ретінде қарастырылады. Сүндетке отырғызбас бұрын әрбір ата-ана баласын алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындайды, яғни сүндетке отырғызу жөнінде тәрбиелік маңызы бар әңгімелерді айтқан.

«Сүндетке отырсаң сен нағыз жігіт боласың», - деп құлағына құя берген. Осындай әңгімелерге әбден еті үйренген бала осы күнді асыға күтіп, іштей дайын болып жүреді.

Баланы неғұрлым ерте 5 жасында сүндетке отырғызса, соғұрлым ауырсынбай тез жазылып кетеді деп есептеген. 3 жастан аса отырғызатындар да кездеседі. Әдетте, сүндеттелген бала 1 немесе 2 күн төсекте жатады. Сүндетке отырғызу көбіне жазға салым немесе күз айларының бастапқы уақытында жүргізілген, балаға ыстық та, суық та әсер етпесін деген мақсатпен. Кейде 2-3 шаңырақ ағайын-туыстың балаларын жинап бірге сүндетке отырғызады. Ол үшін баланы құрметтеп, ауыл-аймақ «мұсылман болғаның құтты болсын» деп мүмкіндіктерінше киім-кешек, тәтті дәмдер, ақшалай т.б. заттарды «шашу» және «байғазы» ретінде алып келіп, қолына ұстатады. Ал сол күні баласының ер-азамат, ересектер қатарына қосылып, «мұсылман болғанына» қуанған ата-ана қой сойып, құран оқытып баласына бата тілеген. Әдетте, осы «құран оқыту» дәмінен сүндетке отырғызу ғұрпын жасаған адам дәм татқан және оған (қожа, молдаға немесе басқа сүндетшіге) ақшалай, заттай киім-кешек немесе қой, жылқы т.б. беріп сый-сияпат жасалған. Жарасы жазылғанша баланың көңілін аулауға туыстары мен көршілері келіп, сыйлықтар тапсырады. Молдаға немесе дәрігерге баланы сүндетке отырғызғаны үшін мал немесе ақша берген. Сүндет тойына келгендер «сүндетің қабыл болсын» деп баланың төңірегіне тәтті дәмдер толтыру, жастығының астына ақша тығу, балаға көрімдік беру сияқты әдет-ғұрыптар мен түрлі ырымдар өткізеді [1, 182,216 – б.].

Сондай-ақ әркім өздерінің әлеуметтік жағдайларына орай сүндет той жасаған. Ал көршілес Ауғанстан, Түркия елдерінде баланың сүндетке отырғызылуы мемлекеттік деңгейде аталып өтіледі.

Дәстүр бойынша ауыл молдасы немесе қазіргі уақытта сүндеттеу тәжірибелі хирургтың қолымен ауруханада (кейде үйде) жасалады.

Қорыта келе, қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлерінде терең мән мен мағына жатқаны байқалады. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бала тәрбиесіндегі дәстүрлер қазақ балаларын ұлттық болмысымызға сай тәрбиеленуіне ықпал етіп келеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Арыс», 2005. – 328 б.
2. Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Арыс», 2005. – 328 б.
3. Калышев А.Б. Родильная и детская обрядность у казахов // Вестник Академии Гуманитарных наук РК. Научный журнал. – Алматы, 1998. - С.76.
4. Моногарова Л.Ф. Семья и семейный быт // Этнографические очерки узбекского сельского населения. – М:Наука, 1969. – 296 с. – С.216; Симаков Г.Н. Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX-нач. XXв.в. – Л:Наука, 1989. – 229 с.
5. Құран Кәрім. Аударған Халифа Алтай Ғақыпұлы.

УДК 391,75

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Қалдыбекова Мадина Ғабдыжалилқызы

k_madina.g@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан